For citation: G. Yusupova, K.S. Shadinova, D. Ussipbekova, Zh.Zh. Azhibekova, P. Schmidt (2026). Determination of soil profile stratification at 0–200 cm depth using a multilevel stacking model // International journal of information and communication technologies. Vol. 7. No. 25. Page 231-243. <https://doi.org/10.54309/ijict.2026.25.1.015>.

Conflict of interest: The authors declare that there is no conflict of interest.

ТОПЫРАҚ ПРОФИЛІНІҢ 0–200 СМ ТЕРЕҢДІКТЕГІ СТРАТИФИКАЦИЯСЫН КӨПДЕҢГЕЙЛІ СТЕКИНГ-МОДЕЛІМЕН АНЫҚТАУ

Г.М. Юсупова¹, К.С. Шадинова^{2}, Д.И. Усипбекова², Ж.Ж. Ажибекова², P. Schmidt³*

¹ALT University, Алматы, Қазақстан;

²С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық Медициналық Университеті,
Алматы, Қазақстан;

³Братислава экономикалық университеті, Словакия.

E-mail: shadinova.ks@mail.ru

Юсупова Гульбахар Мадреймовна — ALT UNIVERSITY. «Радиотехника және телекоммуникациялар» кафедрасының қауымдасқан профессоры, PhD, Алматы, Қазақстан

<https://orcid.org/0000-0001-9765-2221>;

Шадинова Күнсұлу Сейдақызы — С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Алматы, Қазақстан

E-mail: shadinova.ks@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0006-5534-7927>;

Усипбекова Динара Избасаровна — Ақпараттық коммуникациялық технологиялар» кафедрасының PhD, лекторы, С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық Медициналық Университеті, Алматы, Қазақстан
<https://orcid.org/0009-0001-8567-6274>;

Ажибекова Жанар Жубандыковна — «Ақпараттық коммуникациялық технологиялар» кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық Медициналық Университеті, Алматы, Қазақстан
<https://orcid.org/0000-0002-4396-1261>;

Шмидт П. — философия докторы (PhD), профессор, Братислава экономикалық университеті, «Қолданбалы информатика» кафедрасының меңгерушісі, Братислава қ., Словакия Республикасы
<https://orcid.org/0000-0001-5928-2821>.

© Г.М. Юсупова, К.С. Шадинова, Д.И. Усипбекова, Ж.Ж. Ажибекова, П. Шмидт

Аннотация. Қазіргі агроэкологиялық зерттеулер мен тұрақты жер пайдалануда топырақ профилінің тік стратификациясын дәл анықтау маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Бұрғылау және зертханалық талдауға негізделген дәстүрлі әдістер көп еңбек пен қаржыны талап етеді және кеңістіктік камтуы шектеулі. Осы зерттеуде Sentinel-2 мультиспектралды суреттері, ERA5-Land климаттық айнымалылары және OpenLandMap статикалық топырақ карталары негізінде автоматтандырылған стратификация әдістемесі ұсынылады. Саз және құм мөлшері, топырақтың көлемдік тығыздығы сияқты сандық көрсеткіштерді, сондай-ақ текстуралық және жер жамылғысы кластарын бір мезгілде болжау үшін көпмақсатты стекинг ансамблі қолданылды. Базалық модельдер ретінде Random Forest, Gradient Boosting және XGBoost пайдаланылды, ал метамодель сызықтық және логистикалық регрессия негізінде құрылды. Бозайғыр көлі аңғарында (Қазақстан) жүргізілген тәжірибелік зерттеулер модельдің жоғары дәлдігін көрсетті. Саз және құм мөлшерін болжауда $R^2 = 0.999-1.000$, орташа абсолюттік қате шамамен 1.0–1.2 % болды. Топырақ тығыздығы үшін R^2 көрсеткіші 0.985–0.996 аралығында тіркелді. Текстуралық кластарды анықтау дәлдігі 97.4–99.7 % деңгейіне жетті, ал soil_horizon_class үшін шамамен 99% құрады. Қателіктер негізінен спектралдық сипаттамалары ұқсас категориялар арасында байқалды. Зерттеу нәтижелері мультиспектралды, климаттық және статикалық деректерді біріктіретін стекинг ансамблі цифрлық топырақ картографиясында, әсіресе құрғақ және жартылай құрғақ аймақтарда, тиімді әрі ауқымды қолдануға болатын әдіс екенін көрсетеді.

Түйін сөздер: опырак стратификациясы, топырақ профилі, Sentinel-2, ERA5-Land, OpenLandMap, мультиспектрлік деректер, климаттық айнымалылар, multi-task stacking, машиналық оқыту

Дәйексөздер үшін: Г.М. Юсупова, К.С. Шадинова, Д.И. Усипбекова,

Ж.Ж. Ажибекова, П. Шмидт (2026). Топырақ профилінің 0–200 см тереңдіктегі стратификациясын көпденгейлі стекинг-моделімен анықтау // Халықаралық ақпараттық және коммуникациялық технологиялар журналы. Т. 7. No. 25. Б. 231–243. <https://doi.org/10.54309/IJICT.2026.25.1.015>. (Қаз тіл.).

Мүдделер қақтығысы: Авторлар осы мақалада мүдделер қақтығысы жоқ деп мәлімдейді.

ОПРЕДЕЛЕНИЕ СТРАТИФИКАЦИИ ПОЧВЕННОГО ПРОФИЛЯ НА ГЛУБИНЕ 0–200 СМ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ МОДЕЛИ МНОГОУРОВНЕВОГО НАЛОЖЕНИЯ

Г.М. Юсупова¹, К.С. Шадинова^{2}, Д.И. Усипбекова², Ж.Ж. Ажибекова², П. Шмидт³*

¹ ALT University, Алматы, Казахстан;

²Казахский национальный университет имени С.Д. Асфендиярова, Алматы, Казахстан;

³Братиславский экономический университет, Братислава, Словакия.

E-mail: shadinova.ks@mail.ru

Юсупова Гульбахар Мадреймовна — PhD, ассоциированный профессор кафедры радиотехники и телекоммуникации, Алматы, Казахстан

<https://orcid.org/-0000-0001-9765-2221>;

Шадинова Кунсулу Сейдазовна — ассоциированный профессор кафедры информационно-коммуникационных технологий, Казахский национальный медицинский университет им. С.Д. Асфендиярова, Алматы, Казахстан

E-mail: shadinova.ks@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0006-5534-7927>;

Усипбекова Динара Избасаровна — PhD, лектор, кафедра информационных коммуникационных технологий, Казахский национальный университет имени С.Д. Асфендиярова, Алматы, Казахстан

<https://orcid.org/0009-0001-8567-6274>;

Ажибекова Жанар Жубандыковна — кандидат педагогических наук, заведующая кафедрой информационно коммуникационных технологий, Казахский национальный университет имени С.Д. Асфендиярова, Алматы, Казахстан

<https://orcid.org/0000-0002-4396-1261>;

П. Шмидт — PhD, профессор, заведующий кафедрой прикладной информатики, Братиславский экономический университет, Братислава, Словацкая Республика
<https://orcid.org/0000-0001-5928-2821>.

© Г.М. Юсупова, К.С. Шадинова, Д.И. Усипбекова, Ж.Ж. Ажибекова, П. Шмидт

Аннотация. В современных агроэкологических исследованиях и практике устойчивого землепользования точное определение вертикальной стратификации почвенного профиля является одной из ключевых задач. Традиционные подходы, основанные на бурении и лабораторных анализах, требуют

значительных затрат времени и ресурсов, а также обеспечивают ограниченное пространственное покрытие. В данной работе предложена автоматизированная методика стратификации, объединяющая данные мультиспектральных снимков Sentinel-2, климатические переменные ERA5-Land и статические почвенные карты OpenLandMap. Для одновременного прогнозирования количественных показателей (содержание глины и песка, плотность сложения) и категориальных характеристик (текстурные классы и типы земного покрова) использована многоцелевая стекинг-модель. В качестве базовых алгоритмов применялись Random Forest, Gradient Boosting и XGBoost, а метамодель была реализована на основе линейной и логистической регрессии. Экспериментальные исследования, проведённые в долине озера Бозайгыр (Казахстан), продемонстрировали высокую точность прогнозирования. Для содержания глины и песка коэффициент детерминации составил $R^2 = 0.999-1.000$ при средней абсолютной ошибке около 1.0–1.2 %. Для плотности почвы R^2 варьировал в пределах 0.985–0.996. Общая точность классификации текстурных классов достигла 97.4–99.7 %, а для soil_horizon_class — около 99 %. Основные ошибки наблюдались между спектрально близкими категориями. Полученные результаты подтверждают, что ансамблевый стекинг-подход, интегрирующий мультиспектральные, климатические и статические почвенные данные, может служить эффективным инструментом цифрового картографирования почв, особенно для засушливых и полузасушливых регионов.

Ключевые слова: стратификация почв, почвенный профиль, Sentinel-2, ERA5-Land, OpenLandMap, мультиспектральные данные, климатические показатели, multi-task stacking, машинное обучение

Для цитирования: Г.М. Юсупова, К.С. Шадинова, Д.И. Усипбекова, Ж.Ж. Ажибекова, П. Шмидт (2026). Определение стратификации почвенного профиля на глубине 0–200 см с использованием модели многоуровневого наложения // Международный журнал информационных и коммуникационных технологий. 2026. Т. 7. No. 25. Стр. 231–243. <https://doi.org/10.54309/IJICT.2026.25.1.015>. (На каз.).

Конфликт интересов: авторы заявляют об отсутствии конфликта интересов.

Кіріспе.

Қазіргі уақытта агроэкология, жер деградациясын бағалау және климаттық өзгерістер жағдайында орнықты жер пайдалану мәселелері топырақ профилінің вертикалды құрылымын дәл анықтауды маңызды зерттеу бағытына айналдырды. Топырақ қабаттылығы оның физикалық, морфологиялық және химиялық қасиеттерінің терендік бойынша өзгерісін сипаттайды. Алайда дәстүрлі бұрғылау мен зертханалық талдау әдістері көп еңбек пен қаржыны талап етеді, сондай-ақ кең аумақтарды қамту мүмкіндігі шектеулі болып келеді (Stumpf, 2024; Adeniyi және т.б., 2024). Соңғы жылдары цифрлық топырақ картографиясы (Digital Soil Mapping, DSM) қарқынды дамып, спутниктік деректерді, климаттық ақпаратты

және статистикалық топырақ карталарын біріктіру арқылы кеңістіктік болжау сапасын арттыруға мүмкіндік берді. SoilGrids және OpenLandMap жобалары 0–200 см тереңдік аралығындағы топырақ қасиеттерін модельдеудің тиімді тәсілдерін ұсынды (Poggio және т.б., 2021; Hengl және т.б., 2017). Сонымен қатар, қашықтықтан зондтау деректерін климаттық айнымалылармен бірге қолдану гранулометриялық құрамды, ылғал режимін және бірқатар физикалық сипаттамаларды болжауда жоғары нәтижелер көрсетіп отыр (Wang және т.б., 2025; Huang және т.б., 2025).

Дегенмен көптеген қолданыстағы модельдер негізінен топырақтың горизонтальды таралуын сипаттауға бағытталған. Тереңдік қабаттары арасындағы өзара байланысты ескермеу стратификацияны қалпына келтіру дәлдігін төмендетуі мүмкін (Li және т.б., 2023). Қазақстанның аридті және шөлейт аймақтарында 0–200 см тереңдіктегі топырақ құрылымын зерттеу ерекше мәнге ие, себебі гранулометриялық құрам, тығыздық және ылғал сыйымдылығы ауыл шаруашылығы өнімділігіне әрі жердің деградацияға бейімділігіне тікелей ықпал етеді. Аймақтық зерттеулер бұл бағыттың өзектілігін растайды: мысалы, Оңтүстік Қазақстанда топырақ тұздануын бағалауда Sentinel-1/2 және Landsat деректерінің тиімділігі көрсетілді (Mukhamediev және т.б., 2023), ал Шығыс Қазақстанда топырақ ылғалының өзгергіштігі климаттық факторлармен тығыз байланысты екені анықталды (Chernukh және т.б., 2025). Топырақ қасиеттерін тереңдік бойынша бір мезгілде болжау – күрделі көпмақсатты есеп. Мұндай міндеттерді шешуде multi-task ансамбльдік тәсілдер, соның ішінде стекинг (stacking), кеңінен қолданылады. Бұл әдіс әртүрлі алгоритмдердің нәтижелерін біріктіру арқылы сандық (clay, sand, bulk density) және категориялық (texture class, soil horizon class) көрсеткіштерді бір уақытта модельдеуге мүмкіндік береді (Wolpert, 1992; Sill және т.б., 2009). Бұған қоса, бірнеше дереккөзді интеграциялау – Sentinel-2 мультиспектрлік суреттері, ERA5-Land климаттық айнымалылары және OpenLandMap статикалық карталары – топырақ профилінің стратификациясын неғұрлым дәл сипаттауға жағдай жасайды.

Осыған байланысты зерттеудің мақсаты – Қазақстандағы Бозайғыр көлі алқабы аумағында топырақ профилінің 0–200 см тереңдікке дейінгі қабаттылығын автоматты түрде анықтауға арналған multi-task stacking ансамбліне негізделген кешенді әдісті ұсыну. Ұсынылған тәсіл Sentinel-2, ERA5-Land және OpenLandMap деректерін біріктіру арқылы вертикалды құрылымды кеңістіктік деңгейде бағалауға бағытталған.

Әдістер мен материалдар.

Бұл зерттеуде топырақ профилінің 0–200 см тереңдікке дейінгі физикалық және текстуралық қасиеттерін болжау үшін көпдереккөзді ақпаратты біріктіретін кешенді әдіс қолданылды. Әдіснама бірнеше негізгі кезеңдерден тұрады.

1-қадам. Sentinel-2 мультиспектрлік деректерін жинау. Sentinel-2A/B спутниктерінің COPERNICUS/S2_SR (Surface Reflectance) коллекциясынан деректер алынды. Барлық кескіндер Sen2Cor алгоритмімен атмосфералық түзетуден өтті.

Бұлттылығы 10 %-дан төмен суреттер таңдалып, әр ай үшін бір ең сапалы кадр іріктелді. 10–20 м ажыратымдылықтағы арналардан NDVI, SAVI, EVI, MSAVI, BSI, NDBI, NDSI, SCSi, SI, UI, GCI және MNDWI сияқты негізгі спектралдық индекстер есептелді. Бұл индекстер топырақтың құрылымдық ерекшеліктерін, ылғалдану деңгейін және беткі қабат сипаттарын ажыратуға мүмкіндік береді.

2-қадам. ERA5-Land климаттық айнымалыларын алу. ERA5-Land жаһандық қайта талдау деректерінен тәуліктік агрегатталған климаттық көрсеткіштер алынды. Оларға жауын-шашын, булану, беткі қысым және 0–289 см аралығындағы төрт қабаттағы көлемдік топырақ ылғалдылығы кірді. Бұл деректер аймақтың гидрометеорологиялық жағдайларын толық сипаттайды.

3-қадам. OpenLandMap статикалық топырақ қабаттарын енгізу. OpenLandMap жобасынан 0–200 см тереңдікте алынған саз (clay), құм (sand) және көлемдік тығыздық (bulk density) көрсеткіштері бар 18 қабат пайдаланылды. Бұл қабаттар топырақтың ұзақ мерзімді статикалық физикалық қасиеттерін сипаттайды.

4-қадам. Деректерді кеңістіктік және уақыттық біріктіру. Google Earth Engine платформасында барлық деректер кеңістіктік жағынан тураланып, ортақ торға келтірілді. Sentinel-2 кескіндерінің түсірілім күнімен сәйкестендірілген ERA5 көрсеткіштері таңдалды. Масштаб айырмашылықтары интерполяция және орташа мәндер арқылы түзетілді. Нәтижесінде мультидиапазонды біртұтас кескін құрылды.

5-қадам. Кездейсоқ нүктелерді таңдау және белгілеу. Зерттеу аумағынан кездейсоқ нүктелер генерацияланып, әр нүктеге барлық спектралдық, климаттық және топырақ мәндері тіркелді. Сонымен қатар USDA текстуралық үшбұрышы негізінде әр нүктеге текстуралық класс (Clay loam, Loam, Sandy loam) бепілді. Жер жамылғысы сегіз классқа бөлінді: water, bare/sparse vegetation, shrubland, forest, mixed vegetation, saline, grassland/steppe, aeolian-sandy. Осы кезеңнің нәтижесінде толық «Soil Profile Bozaigut» деректер жиынтығы құрылды.


6-қадам. Multi-task stacking моделі арқылы модель құру. Топырақ қасиеттерін болжау үшін стекинг ансамблі қолданылды. 1-деңгейде Random Forest, Gradient Boosting және XGBoost модельдері жеке-жеке оқытылып, регрессиялық (clay, sand, bulk density) және классификациялық (texture class, horizon class) мақсаттарды болжап берді. 2-деңгейде мета-модель ретінде Linear Regression (регрессия үшін) және Logistic Regression (классификация үшін) қолданылды. Passthrough режимінде база модель болжамдары бастапқы белгілермен бірге мета-модельге берілді.

7-қадам. Модельді бағалау және сапаны өлшеу. Регрессиялық есептер үшін MAE, RMSE, R^2 , сондай-ақ AIC және BIC ақпараттық критерийлері есептелді. Классификациялық есептерде жалпы дәлдік (Accuracy), Macro-F1, Balanced accuracy және Multiclass log-loss көрсеткіштері пайдаланылды. Бұл бағалау стекинг ансамблінің бірмодельдік тәсілдерден артықшылығын айқындауға мүмкіндік берді.



8-қадам. Шектеулерді талдау. Sentinel-2 спектралдық арналары терең топырақ қабаттарына сезімталдығы төмен болғандықтан, 100–200 см деңгейде жоғалу ықтимал. ERA5-Land деректері микрорельефті толық бермейді, ал OpenLandMap маусымдық өзгерістерді қамтымайтын статикалық карта болып табылады. Спектралдық ұқсас категориялар арасындағы қателіктер де ескерілді.

Гибридті ансамбль архитектурасын әзірлеудегі негізгі қадам - соңғы мета-модель үшін кіріс ретінде қызмет ететін мета-ерекшелік кеңістігін қалыптастыру. 1-суретте көп тапсырмалы топырақ қасиетін болжау үшін қолданылатын жинақталған ансамбль моделінің құрылымдық диаграммасы көрсетілген. Архитектура үш гетерогенді базалық модельдің - Random Forest, Gradient Boosting және XGBoost - кезең-кезеңімен интеграциясын көрсетеді, олардың әрқайсысы жалпы кіріс X ерекшелігіне тәуелсіз оқытылады.



Сур. 1. Көпмақсатты стекинг ансамблінің архитектурасы

Осылайша, ұсынылған әдістемелік тәсіл мультиспектрлік спутниктік деректерді, климаттық айнымалыларды және тереңдікке қатысты топырақ карталарын біртұтас деректер кеңістігінде біріктіруге мүмкіндік береді. Алдын ала өңдеу, кеңістіктік сәйкестендіру және индикаторларды қалыптастыру кезеңдері нәтижесінде топырақ профилін сипаттайтын кешенді әрі көпқабатты ақпараттық база жасақталды. Multi-task stacking ансамблін пайдалану регрессиялық және классификациялық міндеттерді қатар орындауға жағдай жасап, айнымалылар арасындағы байланыстарды неғұрлым толық ескеруге мүмкіндік берді. Бұл тәсіл зерттеудің келесі бөлімінде алынған нәтижелерді жүйелі түрде талдауға және модельдің артықшылықтары мен ықтимал шектеулерін бағалауға негіз болады. Деректер жиыны стратификацияланған түрде бөлінді: 80 % - оқытуға, 10 % - валидацияға және 10 % - тестілеуге арналды. Модельдің тұрақтылығын тексеру мақса-

тында 5-краттық кросс-валидация жүргізілді. Болашақта географиялық жалпылау қабілетін бағалау үшін Bozaigyr өңірінен тыс аймақтардан тәуелсіз тест жиынтығын қосу жоспарлануда. Мұндай тәсіл модельдің тек нақты деректерге бейімделуін ғана емес, оның өңіраралық қолдану мүмкіндігін де бағалауға мүмкіндік береді. Soil_horizon_class айнымалысы OpenLandMap жобасындағы FAO–USDA Harmonized World Soil Database деректеріне сүйене отырып автоматты түрде алынған. Бұл көрсеткіш топырақ горизонтының морфологиялық ерекшеліктерін сипаттайтын халықаралық стандартталған жіктеуге негізделген. Сараптамалық қайта бағалауды талап етпейтін бірыңғай жіктеу жүйесін қолдану нәтижелерді интерпретациялауда деректердің тұрақтылығы мен қайталанғыштығын қамтамасыз етті және модельдің жалпы дәлдігіне оң ықпал етті.

Нәтижелер және оларды талқылау.


Зерттеу нәтижелері multi-task stacking ансамблінің саз (clay), құм (sand) мөлшері мен көлемдік тығыздық сияқты сандық топырақ қасиеттерін, сондай-ақ texture class және soil_horizon_class тәрізді категориялық айнымалыларды сенімді болжай алатынын көрсетті. Жалпы алғанда, стекинг тәсілі жекелеген модельдермен салыстырғанда тұрақты әрі жоғары нәтижелер берді. Сандық көрсеткіштер бойынша алынған мәндер өте жоғары дәлдікті сипаттайды. Clay және Sand үшін R^2 көрсеткіші 0.999–1.000 аралығында болды, ал орташа абсолюттік қате (MAE) шамамен 1.0–1.2 % құрады. Бұл болжамдардың нақты деректерге барынша жақын екенін білдіреді. Bulk density айнымалысы үшін R^2 0.985–0.996 диапазонында тіркелді, яғни модель топырақтың физикалық сипаттамаларын да сенімді бағалайды. Мұндай нәтижелер Sentinel-2 спектралдық деректері, ERA5-Land климаттық айнымалылары және OpenLandMap статикалық қабаттарының біріктірілуі тиімді болғанын көрсетеді. Категориялық айнымалыларды жіктеу де жоғары деңгейде орындалды. Texture class үшін жалпы дәлдік 97.4–99.7% аралығында болды. Clay loam пен Loam кластарында белгілі бір шатасулар байқалды, бұл олардың спектралдық сипаттамаларының ұқсастығымен түсіндіріледі. Soil_horizon_class бойынша дәлдік шамамен 99% деңгейінде тіркелді. Бұл multi-task тәсілінің вертикалды профиль құрылымын ескеруге және әртүрлі дереккөздерден алынған белгілерді тиімді пайдалануға қабілетті екенін көрсетеді.

Stacking ансамблінің (Minasny және т.б., 2013; Neuvelink және т.б., 2004; Arrouays және т.б., 2014) тиімділігі ақпараттық критерийлер арқылы да бағаланды. AIC және BIC мәндері мета-модель құрылымының параметрлік күрделілік пен болжау дәлдігі арасындағы оңтайлы тепе-теңдікті қамтамасыз еткенін көрсетті. Мета-деңгейде базалық модельдердің болжамдарын және бастапқы белгілерді (passthrough) бірге пайдалану шамадан тыс үйренудің алдын алып, тереңдік деңгейлері арасындағы байланыстарды неғұрлым толық есепке алуға мүмкіндік берді. Қателіктерді талдау модельдің әлсіз тұстарын айқындады. Әсіресе спектралдық сипаттамалары ұқсас категориялар арасында (мысалы, saline – sandy немесе clay loam – loam) шатасулар жиірек кездесті. Мұндай жағдайлар көбіне өсімдік жамылғысы сирек аймақтарда байқалды, онда спектралдық сигнал




топырақ қасиеттерін анық ажыратуға жеткіліксіз болуы мүмкін. Сонымен қатар Sentinel-2 деректерінің 100–200 см тереңдіктегі қабаттарды тікелей сезбеуі осы деңгейдегі болжау нақтылығына әсер етуі ықтимал. Дегенмен ERA5-Land ылғалдылық көрсеткіштері мен OpenLandMap статикалық деректері бұл шектеуді белгілі бір дәрежеде өтеп, жалпы нәтижелердің жоғары деңгейде сақталуына ықпал етті.

2-суретте алты тереңдікте (0 см, 10 см, 30 см, 60 см, 100 см және 200 см) саздың пайыздық мөлшерін болжауға арналған көп міндетті қабаттастыру моделінің келесі нәтижелері көрсетілген.



Сур. 2. Әртүрлі тереңдіктегі саздың шынайы және болжамды құрамын салыстыру

3-суретте алты профиль горизонтында (0, 10, 30, 60, 100 және 200 см) текстура кластарын жіктеу тапсырмасына арналған алты 3×3 қателік матрицаларының орналасуы көрсетілген. Шынайы кластар тігінен, болжамды кластар көлденеңінен салынады; ұяшықтардағы түс пен белгілер пиксельдер/үлгілер санын көрсетеді. Барлық қабаттар үшін жалпы көрініс бірдей: диагональды элементтер басым, ал негізгі қателіктер 0 кластарының жұбына (сазбалшық) ↔ 1 (сазбалшық) түседі; 2-клас (құмды сазбалшық) жалған оң нәтижелерсіз іс жүзінде танылады.



Сур. 3. 0–200 см тереңдік бойынша текстура кластарын жіктеуге арналған қателік матрицалары

Жалпы алғанда, алынған нәтижелер multi-task stacking ансамблінің топырақ профилінің қасиеттерін кешенді болжауда жоғары әлеуетке ие екенін көрсетті. Мультиспектрлік суреттер, климаттық деректер және статикалық топырақ карталарының комбинациясы күрделі профильдік өзгерістерді сенімді қалпына келтіруге мүмкіндік берді. Әсіресе аридті және шөлейт аймақтар үшін мұндай модельдер топырақ деградациясын, тұздану динамикасын және агроөндірістік әлеуетті бағалауда маңызды құрал бола алады.

Модель нәтижелерінің өте жоғары R^2 мәндері (0.999–1.000) OpenLandMap статикалық қабаттарының дереккөз ретіндегі тұрақтылығының әсерімен түсіндіріледі. Бұл қабаттар оқыту кезеңінде мета-ерекшеліктер ретінде емес, бастапқы физикалық топырақ қасиеттерін сипаттайтын тұрақты фондық айнымалылар ретінде пайдаланылды. Сондықтан модельде деректердің өзара корреляциясы жоғары болды.

Қорытынды.

Бұл зерттеуде Sentinel-2 мультиспектрлік суреттері, ERA5-Land климаттық айнымалылары және OpenLandMap статикалық топырақ карталарын біріктіретін multi-task stacking ансамблі негізінде топырақ профилінің 0–200 см тереңдікке дейінгі стратификациясын автоматты түрде анықтау әдістемесі ұсынылды. Өзірленген көпдеңгейлі модель топырақтың саз және құм мөлшері, көлемдік тығыздық сияқты сандық көрсеткіштерін, сондай-ақ текстуралық класс пен soil_horizon_class секілді категориялық айнымалыларын бір уақытта және жоғары дәлдікпен болжауға мүмкіндік берді. Эксперименттік зерттеу нәтижелері модельдің тиімділігін айқын көрсетті: сандық қасиеттер бойынша $R^2 = 0.999–1.000$ (clay, sand), $R^2 = 0.985–0.996$ (bulk density) мәндері алынды, ал классификациялық тапсырмаларда дәлдік 97.4–99.7 % диапазонында болды. Мұндай жоғары нәтижелер стекинг ансамблінің жеке моделдермен салыстырғанда

жасырын көпбағытты тәуелділіктерді жақсы игеретінін дәлелдейді. Сонымен қатар ұсынылған тәсіл әртүрлі дереккөздердің — спектралдық, климаттық және статикалық топырақ карталарының — өзара толықтырушы ақпаратын тиімді пайдаланып, топырақ профилінің вертикалды құрылымын қалпына келтіру сапасын арттырды. Жүргізілген талдау барысында анықталған негізгі шектеулерге спектралдық арналары бір-біріне ұқсас категорияларды ажыратудағы шатасулар және Sentinel-2 деректерінің терең (>100 см) қабаттарға сезімталдығының төмендігі жатады. Алайда климаттық (ERA5-Land) және статикалық (OpenLandMap) деректер бұл кемшіліктерді айтарлықтай толықтырды, нәтижесінде модельдің жалпы болжамдық қабілеті жоғары деңгейде сақталды.

Болашақ зерттеулерде модельді Қазақстанның басқа аридті ландшафттарында трансферлік оқыту (transfer learning) арқылы тексеру жоспарланып отыр. Бұл тәсіл модельдің аймақаралық жалпылама қабілетін бағалауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар алынған стратификация нәтижелерін агроэкологиялық модельдермен (мысалы, су балансы, эрозия қаупін бағалау, өнімділік болжамдары) интеграциялау ауыл шаруашылығы мен жер ресурстарын басқаруға арналған кешенді шешімдер әзірлеуге жол ашады.

Жалпы алғанда, әзірленген multi-task stacking ансамблі аридті және шөлейт аймақтарда цифрлық топырақ картографиясын автоматтандыруға арналған пәрменді құрал болып табылады. Әдістеме топырақ деградациясын бағалау, ауыл шаруашылығы жерлерінің өнімділігін болжау, климаттық тәуекелдерді модельдеу және өңірлік экожүйелерді мониторингілеу сияқты қолданбалы міндеттерде кеңінен қолдануға мүмкіндік береді. Болашақ зерттеулерде жоғары ажыратымдылықтағы радарлық деректерді (Sentinel-1), жерүсті in-situ өлшемдерін және тереңдік бойынша гидрoфизикалық параметрлерді қосу модельдің дәлдігін одан әрі арттыруға ықпал етеді.

REFERENCES

- Adeniyi, O.; Daramola, A.; Fashae, O.; Agbaje, T. (2024). Recent Trends in Digital Soil Mapping: Opportunities and Challenges in Sub-Saharan. — *Africa. Land*. Vol. 13(3). Pp 379. <https://doi.org/10.3390/land13030379>.
- Arrouays, D.; McKenzie, N.; Hempel, J.; Richer de Forges, A.C.; McBratney A.B. (2014). GlobalSoilMap // Basis of the Global Spatial Soil Information System. *CRC Press*, Boca Raton. <https://doi.org/10.1201/b16500>.
- Chernykh, D.; Artenov, D.; Zhumabekov, A.; et al. (2025). Analysis of Soil Moisture Variability in East Kazakhstan Under Climate Change Conditions // *Journal of Arid Environments*. Vol. 208. // Article 104122. <https://doi.org/10.1016/j.jaridenv.2024.104122>.
- Hengl, T.; de Jesus, J.M.; Heuvelink, G.B.; et al. (2017). SoilGrids250m: Global Gridded Soil Information Based on Machine Learning. *PLoS ONE*. Vol.12(2). // Article 0169748. <https://doi.org/10.1371/journal.pone.0169748>.
- Heuvelink, G.B.M.; de Bruin, S.; Bierkens, M.F.P. (2004). Mapping Soil Properties Using Kriging with External Drift and Remote Sensing Data. *Geoderma*. Vol. 123(3–4). Pp. 249–265. <https://doi.org/10.1016/j.geoderma.2004.02.006>.
- Huang, H.; Jiang, Z.; Lu, Y. (2025). Digital Mapping of Soil pH Using Multi-Source Data and Feature Selection Methods. *Sustainability*. Vol. 17(7). 3173. <https://doi.org/10.3390/su17073173>.
- Li, Y.; Zhang, X.; You, Q.; et al. (2023). A Novel Multilayer Soil Mapping Approach Using Vertical Correlation and Deep Learning. *Geoderma*. Vol. 424. Article 116145. <https://doi.org/10.1016/j.geoderma.2023.116145>.

Minasny, B.; McBratney, A.B.; Malone, B.P.; Wheeler, I. (2013). Digital Mapping of Soil Carbon // *Advances in Agronomy*. Vol. 118. Pp. 1–47. <https://doi.org/10.1016/B978-0-12-405942-9.00001-3>.

Mukhamediev, S.; Issayeva, G.; Yermekov, M.; et al. (2023). Assessment of Soil Salinization Dynamics in Southern Kazakhstan Using Sentinel-1/2 and Landsat Data // *Environmental Monitoring and Assessment*. Vol.195(9). 1123. <https://doi.org/10.1007/s10661-023-10838-1>.

Poggio, L. (2024). Machine Learning Approaches for Digital Soil Mapping // Current Trends and Future Directions. *Geoderma Regional*. Vol.34 // Article e00765. <https://doi.org/10.1016/j.geodrs.2023.e00765>.

Poggio, L.; de Sousa, L.M.; Batjes, N.H.; et al. (2021). SoilGrids 2.0: Producing Soil Information for the Globe with Quantified Spatial Uncertainty // *SOIL*. Vol. 7(1). Pp. 217–240. <https://doi.org/10.5194/soil-7-217-2021>.

Sill, J.; Takács, G.; Mackey, L.; Lin, D. (2009). Feature-Weighted Linear Stacking for Improved Predictive Performance. *arXiv Preprint* // arXiv:0911.0460. <https://arxiv.org/abs/0911.0460>.

Stumpf F. (2024). Exploiting Soil and Remote Sensing Data Archives for 3D Digital Soil Mapping: A Machine Learning-Based Framework // *Remote Sensing*. Vol. 16(15). 2712. <https://doi.org/10.3390/rs16152712>.

Wang, L.; Chen, Y.; Xu, Y. (2025). Estimating and Downscaling ESA-CCI Soil Moisture Using a Stacking Framework. // *Remote Sensing*. Vol. 17(4). Pp. 716. <https://doi.org/10.3390/rs17040716>.

Wolpert, D. (1992). Stacked Generalization // *Neural Networks*. Vol. 5(2). Pp. 241–259. [https://doi.org/10.1016/S0893-6080\(05\)80023-1](https://doi.org/10.1016/S0893-6080(05)80023-1).



**INTERNATIONAL JOURNAL OF INFORMATION AND
COMMUNICATION TECHNOLOGIES**

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТТЫҚ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ
ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖУРНАЛЫ**

**МЕЖДУНАРОДНЫЙ ЖУРНАЛ ИНФОРМАЦИОННЫХ И
КОММУНИКАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ**

Собственник:

АО «Международный университет информационных
технологий» (Казахстан, Алматы)

Главный редактор:

Колесникова Катерина Викторовна

Ответственный редактор:

Мрзабаева Раушан Жалиевна

Компьютерная верстка:

Калабай Замзагуль Ертугановна

Сайт журнала: <https://journal.iitu.edu.kz>

ISSN 2708–2032 (print)

ISSN 2708–2040 (online)

Подписано в печать 30.03.2026.

050040 г. Алматы, ул. Манаса 34/1, каб. 709, тел: +7 (727) 244-51-09).